

FinePower

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

FinePower RL-4
шеңбер лампасы

Құрметті сатып алушы!


«FinePower» сауда таңбасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Біз жоғары сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын талаптарға сәйкес әзірленген және жасап шығарылған бұйымдарды және құрылғыларды ұсынғанымызға қуаныштымыз. Пайдаланар алдында қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ осы өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты күтіп ұстаңыз және өнімді болашақта пайдаланғанда оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Шеңбер лампа фото және видеотүсірілім жасау кезінде айналаны жарықтандыруға арналған.


Сақтық шаралары

- Бұл құрылғыны тек қолданылу мақсатына сай пайдаланыңыз.
- Құрылғыны ылғалдан, түрлі сұйықтықтардан, сондай-ақ жылу көздерінен қорғаңыз.
- Бұл құрылғыға өте ыстық немесе өте суық температура әсер етпеуі және тікелей күн сәулесі түспеуі керек.
- Құрылғы жерге құлап кетсе, оны қолдануды тоқтатыңыз, ал сыртқы зақымын байқап қалсаңыз, сервистік орталыққа хабарласыңыз.
- Құрылғы коммерциялық мақсаттарға пайдалануға арналып жасалмаған.
- Құрылғы балалардың және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдардың пайдалануына, тек олардың қауіпсіздігіне жауапты бақылау жүргізетін басқа жандар жүзеге асырған жағдайларды қоспағанда пайдалануына арналмаған. Балаларға бұл құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.

Құрылғының сұлбасы



Басқару пульті



1. Шеңбер лампа.
2. Еден штативі.
3. Смартфон ұстағыш.
4. Көлбеулену бұрышын реттеуге арналған бұрағышы бар жұмыр бас қалпақша.
5. Тірек биіктігінің фиксаторлары.
6. Жарықтықты арттыру түймесі.
7. Жарықтықты азайту түймесі.
8. Қуат түймесі.
9. Жарық температураын ауыстыру түймесі.

Пайдалану нұсқаулығы

1. Лампаны және оның барлық элементтерін абайлап шығарып алыңыз.
2. Штативті тегіс, тұрақты бетке қойып, оның аяқтарын ашып қойыңыз.
3. Тіректің ұзындығын реттеп, оны фиксаторлардың көмегімен бекітіп қойыңыз.
4. Жұмыр бас қалпақшаны тіректің бекіткішіне бұраңыз.
5. Лампаны қажет бұрышпен қойып, көлбеулену бұрышын реттеуге арналған бұрағышы тартып бекітіңіз.
6. Смартфонға арналған иілгіш ұстағыш бекітпесін лампаға жалғаңыз.
7. Лампаны USB кәбілінің көмегімен қуат көзі құрылғысының USB портына қосыңыз.
8. Смартфонды ұстағышқа қойыңыз.
9. Басқару пультіндегі қуат түймесін басып, құрылғыны қосыңыз. Жарық түрін таңдаңыз және тиісті түймелердің көмегімен жарық деңгейін реттеңіз. Қолданып болған соң, басқару пультіндегі қуат түймесін басып, құрылғыны өшіріңіз.

Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: RL-4.
- Жарық диодтарының саны: 122 дана.
- Түс температурасы: 3500 К - 4500 К - 6000 К.
- Қуаты: 12 Вт.
- Қуат көзі: USB 5 В.
- Тірек материалы: алюминий құймасы.
- Тіректің макс. биіктігі: 1,6 м.
- Жиналған кездегі ұзындығы: 56 см.
- Кәбілдің ұзындығы: 2 м.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), сату және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғыны өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайында өндірушінің қаптамасына салып, +5 °С-тан +40 °С-қа дейінгі температурада және 80%-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылықта сақтау керек. Тұрғын-жайларда коррозия туындататын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің бұлары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда, дереу өкілетті сервистік орталыққа хабарласқан немесе құрылғыны кәдеге жаратқан жөн.
- Бұл бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Бұл өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, сіз қалдықтардың бақылаусыз тасталуы нәтижесінде қоршаған ортаға және адам денсаулығына келтірілетін ықтимал зиянды болдырмауға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Гуанчжоу Нэбьюлоса Тэкнолоджи Ко., Лтд.

Каб. 301, D ғимараты, 3-ші көше Цзинъе 7, ғылыми қалашық, жоғарғы технологияларды және өнеркәсіпті дамыту аймағы, Гуанчжоу қаласы, Гуандун пров., Қытай.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Қытайда жасалған.

Тауар Кедендік одақтың КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 037/2016 ЕАЭО ТР «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Өнімнің спецификациялары, өнім туралы ақпарат, оның жиынтықталуы мен функционалдығы пайдаланушыға алдын ала хабарланбай өзгертілуі мүмкін.

Интернеттегі мекенжайы: finerpower.ru



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген. V.3

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші кепілдік мерзімі барысында құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен жинағында ақаулардың болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап саналады және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Өнімді пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес қолданған жағдайда, кепілдік мерзімі барысында пайдаланушының қатысынсыз істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру жұмыстары жүргізіледі. Элементтерді жөндеу және ауыстыру өкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Сервистік орталықтардың жаңартылған тізімі мына мекенжайда:
<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>



